

2023 жылдың маусым айының 1-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу

Маусым айының бірінші онкүндігінде республиканың солтүстік жартысының барлық астық себілетін аудандарында жаздық дәнді дақылдарды себу науқаны аяқталды. Қазақстанның басым аймағында жауын-шашын біркелкі жаумаған, жауын-шашынның көп мөлшері Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Ақтөбе облыстарында байқалған, елдің қалған бөлігінде жауын-шашын нормадан аз түскен. Жауын-шашынның біркелкі түспеуіне байланысты жаздық дәнді дақылдардың өсуі мен дамуы үшін метеорологиялық жағдайлар қанағаттанарлық болған. Жауын-шашын топырақта ылғал қорының қалыптасуын біршама жақсартқан.

Елдің **батысында** (Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында) жаздық бидай егістіктерінде «3-ші жапырақ» – «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы» фазасы байқалған, Федоровка агропостының маңайында – «масақтану» фазасында, өсімдіктердің жағдайы тегіс жақсы, бидайдың биіктігі 10-27 см жетеді.

Солтүстікте (Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Қостанай облыстарында), Ақмола облысында жаздық бидай егістіктерінде «көктеу» - «түптену» фазасы байқалған. Өсімдіктердің биіктігі 10-17 см., егістердің жағдайы көбінесе жақсы және қанағаттанарлық. Себілмеген (сүдігер) егістік алқаптарға органикалық тыңайтқыштар енгізілуде. Бұланды ауданындағы жаздық бидайдың бақыланатын учаскелерде нан бүргелерімен зақымдануы 10% дейін болған. Солтүстік Қазақстан облысында «көктеу» - «түйін тамырының пайда болуы» даму кезеңі байқалған. Өсімдіктердің биіктігі 10-19 см. Жағдайы өте жақсы және жақсы. Онкүндіктің басында Ғ. Мүсірепов ауданында азотты тыңайтқыштар енгізуге кіріскен. Павлодар облысында «көктеу» - «3-ші жапырақ», ерте себілген егістіктерде «түптену» фазаларында. Өсімдіктердің биіктігі 10-15 см жетеді, Қостанай облысында «көктеу» - «түптену» кезеңдері байқалған. Өсімдіктердің биіктігі 9-23 см., жағдайы өте жақсы және жақсы. Егістіктерде жаздық арпа «көктеу» - «3-ші жапырақ», Павлодар облысында «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы» фазаларында. Жағдайы көбінесе жақсы және қанағаттанарлық.

Еліміздің **орталығының** (Қарағанды және Ұлытау облыстарында), бақылау учаскелерінде Қарағанды облысында жаздық бидайда «көктеу» - «түтікке шығу» фазасында. Бидайдың биіктігі 9-21 см. Жаздық арпаның даму кезеңі «3-ші жапырақ» - «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы». Өсімдіктердің биіктігі 9-32 см, дақылдардың жағдайы өте жақсы және жақсы. Осакаровка МС маңайында жаздық бидайдың нан бүргелерімен зақымдануы 11-20% дейін болған.

Шығыста (Шығыс Қазақстан және Абай облыстарында) жаздық бидай егістіктерінде Абай облысында «түптену» - «төменгі сабақ түйінінің пайда болуы» даму кезеңі байқалған. Өсімдіктердің биіктігі 13-16 см жеткен. Егістіктерді арамшөптерге қарсы гербицидтермен емдеу жүргізілуде. Шығыс Қазақстан облысында «3-ші жапырақ» - «түптену» кезеңі байқалған. Өсімдіктердің биіктігі 12-16 см. Жаздық дақылдардың жағдайы өте жақсы және жақсы.

Оңтүстік және оңтүстік-шығыста (Алматы, Жетісу, Жамбыл және Түркістан облыстарында), Алматы облысының бақылау учаскелерінде жаздық арпаның биіктігі 14-53 см, кеш себілген егістіктерде 10 см дейін жеткен. Жетісу облысында «төменгі сабақ түйіннің пайда болуы» даму кезеңінде, өсімдіктердің биіктігі 13-42 см. Жамбыл және Түркістан облыстарында жаздық арпаның ерте себілген егістіктерінде «дәннің сүттенуі» даму кезеңі байқалған. Өсімдіктердің биіктігі көбінесе 51-ден 64 см дейін болған.

Маусымның бірінші онкүндігінде күздік бидай себілетін аудандарда өсімдіктердің өсуі мен дамуы үшін қолайлы жағдайлар болған. Күздік бидайда «гүлдену» - «дәннің сүттенуі», Жамбыл облысында «дәннің уыздануы» фазалары байқалған. Өсімдіктердің биіктігі 71-ден 79 см дейін, Түркістан облысында 88 см дейін болған.

Оңтүстікте және оңтүстік-шығыста күріштің жағдайы жақсы. Даму фазасы «3-ші жапырақ» - «түптену», өсімдіктердің биіктігі 27 см жетеді. Бақылау учаскелерінде күріш чектерінен су ағызылуда.

Республиканың оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында алма бақтарында «жемістердің қалыптасуы» - «сабақтарының өсуінің соңы» даму кезеңдері жалғасуда. Жеміс дақылдарының жағдайы (шие, алмұрт, алма ағашы) тегіс жақсы, алма ағашын химиялық өңдеуге және нәрлендіріп суаруға кіріскен.

Оңтүстік пен оңтүстік-шығыста (жоңышқа, беде) көпжылдық шөптер егістіктерінде «масақтану» - «бірінші ораудан кейін қайта өсу», кезеңі байқалады, шөптердің жағдайы жақсы және қанағаттанарлық.

Өткен онкүндіктің соңында жайылымдық мал шаруашылығы аймағында жайылымдар әлсіз және орташа тапталған. Онкүндіктің соңғы күнінде жайылымдағы шөптердің жалпы жағдайы көбінесе жақсы және қанағаттанарлық. Шөптердің өте жақсы жағдайы Ақтөбе және Алматы облыстарының жеке аудандарында байқалған.

Топырақтың метрлік қабатындағы топырақтың өнімді ылғал қоры қиыр батыста, солтүстік-батыста, солтүстікте, оңтүстікте, шығыста, оңтүстік-шығыста және орталықтың жеке аудандарында оңтайлы және қанағаттанарлық болып қалыптасқан. Елдің солтүстік-шығысында, солтүстікте, оңтүстікте және батыста жеке бақылау пункттерінде ылғалдың жеткіліксіз жағдайлары байқалған.